Әділет

# Орманда өрт қаупі жоғары кезеңдерде жеке тұлғалардың облыстың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 21 шілдедегі № 213 Қаулысы . Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2009 жылғы 24 шілдеде № 2013 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 108 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 17.05.2013 № 108 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Орман Кодексіне сәйкес және Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының 2009 жылғы 9 маусымдағы N 04/1638 хатына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2009 жылдың 20 қыркүйегіне дейін орманда өрт қаупі жоғары кезеңдерде жеке тұлғалардың облыстың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салынуы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Б.С.Оспановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі А. Мырзахметов*

*Облыс әкімінің бірінші орынбасары Б. Оспанов*

*Облыс әкімі аппаратының басшысы Б. Жылқышиев*

*Облыс әкімінің орынбасары Е. Айтаханов*

*Облыс әкімінің орынбасары Б. Әлиев*

*Облыс әкімінің орынбасары Ә. Бектаев*

*Облыс әкімінің орынбасары У. Қайназаров*

*Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы Е. Садыр*

*Облыстық қаржы басқармасының бастығы Г. Морозова*

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 21 шілдедегі N 213 қаулысына қосымша

## Өрт қаупі жоғары кезеңдерде жеке тұлғалардың болуына тыйым салынған облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінің тізбесі

| р/с | Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелерінің атауы | Орманшылықтардың атауы, орамдардың нөмірлері | Алаңы, га |
|---|---|---|---|
| 1 | Арыс орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі | Байырқұм орманшылығы, 1, 2, 5, 7, 23, 25, 37 , 39, 42 орамдары | 2122 |
| | | Тақыркөл орманшылығы, 1, 2, 9, 21, 24 орамдары | 824 |
| 2 | Отырар орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі | Балтакөл орманшылығы, 1, 6, 12, 36, 38, 50 орамдары | 995,8 |
| | | Отырар орманшылығы, 66, 95, 103, 111, 117, 123, 125, 136, 143, 165, 168 орамдары | 1456,1 |
| | | Шәуілдір орманшылығы 43, 48, 62, 67, 96, 101, 105, 295 орамдары | 1031,7 |
| 3 | Түркістан орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі | Қызылшаруа орманшылығы, 4-8 орамдары | 839 |
| | | Қаратау орманшылығы, 29-38, 52-58, 61-63, 74, 75, 81-85, 88-93, 95-110 орамдары | 20350 |
| 4 | Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі | Арнасай орманшылығы, 376, 378, 379, 380-385, 386-399, 402 орамдары | 4214 |
| | | Сүткент орманшылығы, 88, 97-113, 97а, 109а -113а, 331-340, 347-353 орамдары | 27870 |
| | | Шардара орманшылығы, 125а, 126а, 135а-138а, 146а-159а, 354-401 орамдары | 13735 |
| 5 | Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі | Шолаққорған орманшылығы, 39, 96 орамдары | 11111 |
| 6 | Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі | Шымкент орманшылығы, 36, 38 орамдары Ордабасы орманшылығы, 1-7, 60, 71 орамдары | 509 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК